




ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАҚ  
ПОЭЗИЯСЫ



Мемрхан  
Ақдәuletұлы

Бейшактамы  
тіңәжат





# Мейірхан Ақдәuletұлы

*Бейшактамы  
пінәжат*

*Олешдер тен позта*



Алматы  
“Жазушы”  
2006

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакторы *Есенбай Дүйсенбайұлы*

**Ақдәuletұлы М.**

А 37 Бейуактағы мінәжат. *Өлеңдер мен поэма*.— Алматы: Жазушы, — 2006. — 216 бет.

ISBN 9965-815-28-3

Қазіргі қазақ олесінде мейлінше жаңа өз жолы, өз мектебі бар терең толғамды көрнекті ақын Мейірхан Ақдәүлетұлының бұл кітабына осы заманғы, бәлкім, келешек ғасырлардағы поэзиямыздың да көркемдік кокжиегінс көз жіберген көсегелі өлеңдері мен “Қосүрейлер үйі” поэмасы енді.

А 4702250202-061  
402 (05)-06

**ББК 84 (5 Каз) 7-5**

ISBN 9965-815-28-3

© Ақдәүлетұлы М., 2006  
© “Жазушы” баспасы, 2006

## БЕЙУАҚТАҒЫ МІНӘЖАТ

Ілінерде күннің қызыл кірпігі  
дертім менің мендеді —  
Өмір өзі-ақ өлтіреді бір күні,  
өлтіріспе Сен мені!

Мұса,  
Файса,  
Мұхаммедтің көп ішкен,  
тауыспаған кермегін  
жұтам үнсіз.  
Үмітім жоқ Жеңістен.  
...көзімнен сүй Сен менің!

Ернім емес,  
ет-жүрегім кезеріп  
жоқ сусынга шөлдеппін.  
Ажал-құрдас ақ мылтығын кезеніп  
“Кеттік!..” десе — мен кеттім!..

— Бізге неге баянсызды аңсаттың,  
е-ей, есі бар Құдіре-ет?..  
...Босқа налып, болмашиға шаршаппын —  
көзімнен сүй бір рет!

Тұнге сіңіп жоғаламын Мен ертең —  
аямайды Сені Көк...  
Өзім түгіл, өлердей мас көлеңкем  
“Өмір!” деп түр еніреп!



Аллаңу да аяп басар кеуденің  
үнсіз айтқан зары бұл —  
Әмір өзі-ақ өлтіреді.  
Сен мені  
өлтіріспе, Жарығым!  
Козімнен сүй Сені көріп жұбанған...

## МОЙЫНДАУ

Ұмыттым бәрін!  
Өзгенің ұмыттым бәрін —  
Әртенуден соң сөнудің жуық тұрғанын,  
Үміттерімді  
жоқ ізден мұнарды кешкен,  
Күдіктегімді...  
Мұнды да шыгардым естен.

Бұл құдіретінмен сен бәрін ұмыттырасын —  
Көзіңмен оқып бір дұға,  
күліп тұрасың.

Күліп тұрасың —  
жүзіңе көп телміремін,  
өзіме өзім қимастай неткен гүл еді??  
Әмірші жоқта жайғасып жақұт тұғырға,  
Ханымын құшқан ұқсаймын бақытты құлға!

Дүние-ай...  
бұл да баянсыз.  
Қалтырап, әрен,  
жазмышпен жаға жыртысар қалпыма келем.

Қалпыма келем —  
мойнынан білегінді алам,  
Корғансызым-ай,  
теліген тілегін маған.

Үістық сен жайлы  
ыршытқан жасыным қарып,  
Сап-салқын ойға оранам батылым барып...

Терезесі ашық жанымның көресілерін  
тең болісесің —  
соныңа көп өкінемін.  
Көп өкінемін —  
өзім-ак коретін едім,  
Коргісіз отты өзіңе неге тіледің?

“Қып-қысқа-ау ғұмыр,  
қып-қысқа, неғыласың?” — деп,  
қасында тұрган озімді сағынасың кеп!  
“Откінші...” деуге дәтің жок,  
таңдай қағасың.  
Тәтті алма жеген Хаудан аумай қаласың!

.....  
Аумай қаласың...  
ал, мені,  
Адам Атаны  
сенделткен сезім жетелеп бара жатады!..

## **ГҮЛ — ЖУСАН**

Гүлді аяймын — өмірі өзін алдап, текке өткен.

... Шыншыл өскін көрмедім,

Жусан,

Шеңгел,

Көкпектен!

Үзік-үзік

кулкің мен көлгірсуің, тепкінің

бәрін... Өмір,

Мәжнүнге лайық бақыт деп білдім.

Айыптымын алдында,

арнамадым гүлге өлең —

Гүлдің солып,

бояудың онатынын білген ем.

Мен жусанға інімін.

Шеңгел болып кектенем.

Көкпек жаққан көне үйдің

көжесімен көктегем.

...Орманы кем,

дүрдараз тобылғысы, жыңғылы,

сортаны мол,

сүү аңы кең Дағаның Мұнды ұлы

Тарта туса тегіне — түкірмейді жалғанға,

жанға қонса жалғыз шаң, айналады арланға!

Ділі — жусан,

қиялы — қыпшақы ердің Тарланы,

Жылқы мұсін болмысы,

сордан кермек арманы.

Мұңы — Қобыз,  
төзімі болдыртардай түйені,  
Домбырасы — дұғасы,  
Сөзі — серті киелі.  
Қыран тұгіл,  
қарғасы қара ойды ұғар қиядан  
Осы Даала — Отаным.  
Ұқсамауға ұялам.

Бақыт, байлыш,  
ас пен той,  
шексіз шаттық, мұң-нала.  
Дана,  
даукес,  
батыр, ез... —  
Бәрін корген бұл Даала,  
танып кетпей  
тірліктің бағзы әуені — Күйбеннен,  
Озгені де,  
өзін де алдамауға үйренген.

Жусанымын мен соның.  
“Гүл ғұмыры баянсыз!” —  
Күліп тұрып айтатын ақ сырым да — аяусыз.  
Осы — менмін, ей, Өмір,  
sertім — жалқы,  
мінім — мың.  
Аяп айтам атын да  
есебі жоқ гүліңнің!

\* \* \*

Дәруіш Ой!..  
...дәрмен жоқ —  
құтылармын деген ем:  
Өзімді алдай алмадым — өлді ішімде коп өлең!

Ажалдыға жан тәтті.  
Сен ұсынған Кермектен  
Қорқыт-жаным қорынып,  
қорқа қашып мен кеткем.

Қызық қудым,  
Қыз сүйдім.  
Мол бояудан таптым ем —  
Адам өзін армансыз алдайды еken Тәттімен!

Жұрт таласқан Ойыншық әсем еken,  
Ұнаттым,  
Тіл уылып, тіс түсті.  
Көкжиекке құлап Күн  
бара жатып...  
балқұмар бар тандайды табалап,  
кекей құлді:  
“Сенің де басқан ізің — қара дақ!”

Тәтті — жалғыз Тәнірің.  
Жұбанышы ол тірліктің,  
алда өзінді!” — деп құртты  
мысын мендей Мұндықтың.

Сенен қашсам,  
тататын бар несібем жалған ба?  
Аңзы О-ой,

ая, аяусыз баттым аңы арманға!

...Ақымақтық,

Адамның өмірі — осы.

Кірді есім —

ой түбінде жатқан Сө-өз,

бұз кеудемнің түрмесін!

Дәруіш Ой,

мен сенен арылармын,

дегенмен,

амалым жоқ —

адамның

тек тәттіге олермен

корген күні күн емес,

күндік ермек, бұл — анық.

Мен өмірден өтермін жоқ нәрсеге жұбанып.

Дәруіш Ой!

Шошып ем

сенің кермек сөзіңнен —

Қашып келеді екем Мен

өмір-бойы...

Озімнен!

## КҮЗ. ТОБА

Ақты жүлдyz тас төбемнен “ағалап”,  
Арашаға тұспедім.  
Салдақы тұн сақ-сақ күлді табалап —  
бармағымды тістедім.

“Жаз өт-ті-і!” — деп,  
жасыл бояу жылайды,  
мен қайтейін, сарғаяр.  
Қарғағансып қаранғыны — Құдайды  
қалтыраған шам да — аяр.

“Туган екем — өлерімді білем мен,  
танды қарғап күн батар...  
Сынық сөүле күтіп қайтем біреуден,  
қай жанарды құрғатам?”

Ж-жа-алға-ансың-ң! — деп,  
Мәңгіліктің жағасын,  
жүлқылап ем, қыңбады.  
Жесір-өмір жұбатады баласын —  
жырым-жырым құндағы...

Мың ғасырлық Мәңгі Ойынның мәні —  
осы.  
Бояуы, тек, көнерген.  
Ме-ен? —  
...сәбімін  
сенімі мен дәмесі  
өзінен Зор,  
өлермен...

## ТҮН. ҚҰСА

“Мүмкін еме-ес!” — дейді ышқынып жүргөрім —  
...мүмкіндігім сол ғана.

Түсім бе еken? —  
қол тапсырып жүремін  
иманы жоқ молдаға.

“Коне алмаймын!” — деп жылайды Өлеңім,  
жұбата алмай миым дал.  
Оның нұрлы сәуле толы зеренін  
быт-шыт қылды құйындар.

Ебірей шал “ел — сенікі!” деп қулді —  
...соған да мәз сорлы ағам.  
Қиянатқа қия да алмай тектімді,  
костай да алмай, қорланам.

Тынға отпей ұят дейтін құрғырын,  
ақылынан алжасты Ар —  
Озгеге өлі жетпеген соң, бір-бірін  
...талап жемек қандастар.

Пері киіп періштенің желегін,  
жайнағансып жалған гүл.  
Коктен безіп, құлден іздең керегін  
азып-тозып арман жүр...

Кие кошті бабам сенген ұғымнан —  
... қалғаны — құр сөз-қауыз.

Қазақы арман, сенен мұлде суынғам —  
шайқап ішсін өзге аузы!

“Сабыр!” — дейсің, жаным-далам,  
жалғызыым —  
сабыр сені сал қылған!  
Ақ жүзіңе күллі ібіліс салды ізін —  
ал, қашып көр тағдырдан...

Әкірендең әкемсінді корінген —  
... жылап барад жоқ тәнір.  
“Ұят күшті, — демеуші ме ең, — өлімнен”,  
... кел, кел, мықтым, отқа кір!

Тексіз үл-қыз таптап сөзім қанатын  
ән салып жүр... арсыз ән...  
Табалайды ақ шырақты қара түн —  
...сонында таң бар шығар?

Шықпаған жан шығар күннен үміткер —  
не бересің, келер күз?  
“Мүмкін еме-ес!” — десендерші, ей, жігіттер,  
...іштен тынып өлерміз...

## ЖАЛҒАСУ ЗАҢЫ

Отырар еді анам  
оты бар жанды тектім деп...  
Оталып кетпей,  
о, қаншама азап шектім көп!  
Ойлармен ойнап,  
от басар бала-қиялмен  
Оқталатынмын ошаққа кіріп кеткім кеп.

Қақаса қантар  
қара үйдің оты сонбейтін,  
Қараған, жыңғыл қара ошаққа кеп көлбейтін.  
Егіліп тұрып,  
ертеңгі күнге шөлдейтін  
қара шал маған  
“Ошақтың иесі — сен”, — дейтін.

От басы жайлы, отыны жайлы кенес қып,  
Көретін жарық,  
келетін күнге емексіп,  
ой кешкен шалдың орнында қаппын отырып,  
От деген созді көп естіп...

Қара шал кетті...  
откіздік сонау құзді аман.  
Жарадар жаным жазылып, қайта сыйдаған...  
Өзіне мені тірі ескерткіш қып қалдырып,  
Қара шал маған қара ошақ — мұра сыйлаған.

Кезім бұл енді түнде де түске Күн енген,  
Күн енген-дағы, түнекті тіліп жіберген —  
Бабамнан қалған қасиетті қара ошақтың  
Тағдырын ойлап жүрем мен.

Қара шал құсап...  
кез келер бір күн аттанар —  
Қара ошақ қалар,  
қаңтармен ойнал от қалар.  
...Жөргекте жатқан жүректей менің үмітім  
О кезде мендей бол қалар?

## “...ӨМІР...”

*Бетіне гасырлар өзжім салған сұық  
жартастан білінер-білінбес жазу ізі  
байқалады. Мен одан саналы ақынның  
салмақты созін оқығым келеді...*

Семсер сөзбен сескенбесті жасқап ем,  
кенет шексіз құпиясын ашты өлем.  
Болатындей  
озіме — дерт,  
басқаға — ем,  
жазылмагты жүрекмүсін Басты өлең.

Ұстанғанмен ұлылықтың байрағын,  
үға алмапын —  
қайда Бақыт, қайда Мұн...  
Көкжиектен,  
козі барға көрінген,  
аса алмапын,  
...Бармағымды шайнадым.

...Жиегі жоқ көкжиектің!..  
сонда үққам —  
құным — бақыр..  
есенгіреп қорлықтан,  
Қауырсынды талақ етіп,  
қайла алып,  
қара тасты қашағаным сондықтан.

Менмен кеудем  
мекер даңққа мені үндел,  
түк бітірмей төске соққан жерім көп.  
Соны үққан соң,  
көп нұқтемен көмкеріп,  
Қара тасқа қашай салдым  
“...Әмір...” деп.

Жұлдыз-құндер сөніп жатыр бір-бірден,  
таппай қойдым Уақыт дейтін құрғырға ем.  
Қабырғасын жаралап ем жартастың —  
ең ұлы Өлең сол-ақ шығар?  
Кім білген...

## ӘН

Қайтатын құстар салады бір өн  
“Өтті ғой бәрі...” деп өксіп.  
Толған Ай-қыздың жамалы қылаң,  
Телмірем соған емексіп.

Жанымда тұрган ойланбай күліп,  
Жаным сол — жарты Ай сырғалы...  
Санамда бір ой салғандай бүлік:  
“Баянсыз құспыз біз-дағы...”

Қайталап қаздар,  
тырналар да әнін,  
Қай-қайдағыны қозғаса,  
“Осы ма, — деймін, — бұлдағандағың,  
корінbes бақыт көзге аса...”

Толған Ай сонда бұлтқа кіреді,  
Зіл-мұнын маған бұлдамай.  
Құрысып тұрып Құртқа-жүрегі,  
Күледі үнсіз.  
Бұл қалай?..

Көз жасын тежеп, зорға күледі,  
Көлегей тұтып білегін.  
Құстардың әнін ол да біледі,  
Тірінің қозғар жүрегін:

“Қайтады бәрі мұратты айдынға,  
Кімде мұң басым,  
кімде — арман?..”  
Бұлт шалған Айды жүбатпаймын да,  
көзінен сүйем дымданған.

...Мұнартып кеудем, мұңая қарап,  
Айға ұқсас жанды ақтамақ  
қалтырап қолым,  
тұрам аялап,  
Шын сүйіп...  
Со-онша қатты аяп!

## ТҮСТЕР ТЕОРИЯСЫ

“Ақ пен Қара ағайын,  
ал, ызалан... ызалан...” —  
деп күлді Ақыл,  
көп күлді... —  
пысқырмадық біз оған.

Қызыл-жасыл көп қызық  
көзді асырап жүргесін,  
қарасың деп,  
ақсың деп  
айта аласың кімге сын?

...Анда-санда аңы сөз  
қытықтаса көмейді —  
шарайнаңа бір қарап,  
шалқалай құл: “Е, мейлі...”

...Жасап болып жүлдышдан  
жарасатын түнгे Мен,  
Аққа қалай айғыз із  
қалдырыарын білмеген,  
Анқау көңіл ақыры  
қара етікпен қар басты.  
Тілге тәтті-ая өтірік,  
тиер бірақ жангә аңы!

“Ақ пен қара — ағайын”  
деп күлсе Ақыл, тегін бе?

Қара қалам,  
қаймығып,  
ақ қағаздан шегінбе...

Кие тұтып ақ түсті,  
қара түсті қаралап,  
Бір дәрүіш-жыр кетті  
дүниені аралап...

Ақ сәбидің жанарын  
қызыл-жасыл байлап ап,  
Бола алмады,  
не керек,  
қара түспен айқабақ!

Аскындырыды ансарын  
ақша жүзде қара мен! —  
...араласып кетті енді  
акты-қара бар өлем!

...Жұмбағымыз қалмады-ау,  
екеуміздің шешпеген,  
Жалғыз досым — Жүрегім,  
жазғызбадың “есті” өлең.

Ақтап та алмай күнәдан,  
қараламай, кейімей,  
сен бұлқынсан үн-тұнсіз —  
құшақтайды мені үрей.

“Мен де адаммын...” деп козім  
тайғанайды томенге.

Айқайлайды тіршілік:  
“Ақ пен қара деген не?”

Қызыл-жасыл тірлігім  
жұбатпақ боп мені кеп,  
“Сенші” дейді еңіреп —  
оның пейілі кеңірек!

“Қара!” — дейді,  
“Көр!” — дейді, —  
...қалғаның не алдана?  
...түсті азайтып жіберген  
Түйсік пенен Арғана!

...Жалғыз досым — Жүргім,  
көріп жүрсін, көн енді:  
Жұмылғанша жанарым,  
жылыта түр денемді.

Кемпірқосақ — жеп-женіл,  
ауыр ойдың арты — зіл.  
Айдағаның қан еді-ау...  
оның түсі — алқызыл!

...Екі түске кезекпен  
мен болғаным жүк білем.  
Жүзің сенің,  
Жүргім —  
өрттей ыстық, күп-күрен...

\* \* \*

“Жанарсыз сезім кез еткен  
Жалғызыым едің, қара қыз!  
Алдамшы қөктем тез өткен,  
Ақырын суып барамыз...”

Санамда осы ой шыңғырып,  
Жүзіңе үнсіз телмірем.  
Қанатын алған сындырып  
Қарлығаштаймын енді мен.

Ақ сарай қалап арманнан,  
Алабұртушы едік біз.  
Арайы бөлек тандардан  
Ажырап шаққа келіппіз.

Көгілдір өлем күлімдеп,  
Күтпеуші ме еді бізді алдан?!  
Сол сағым тарап дірілдеп,  
Сонында сарғыш із қалған...

Сәбидей қалған кеш үғып  
Ертегі — шындық арасын,  
Сен бәрін үнсіз кешіріп,  
Шегініп кейін барасын.